



НҰРДАЖ- ҚАЗАЛЫ

№28
(2199)
Сәрсенбі
3 сәуір
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МӘЖІЛІСТЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте 2024 жылға арналған салық түсімдерін арттыру, ауданда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің тіркелімі кеңінеталқыланды.

Аудан басшысы алдымен салық салу базасын ұлғайтуға байланысты бекітілген жоспарға сәйкес атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Осыған орай аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Әліби Әбиев пен аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Темірлан Қожаназаров қосымша баяндамалар жасады.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы және ауылдық округ әкімдерінің басты міндеттерінің бірі – салық салу базасын ұлғайту және бюджетке қосымша кіріс көздерін қалыптастыру екенін айтып, бұл бағытта жұмысты күшейтуді қатаң тапсырды.

Сондай-ақ, мәжілісте аудандағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілердің тіркелімі жөнінде аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Актілеу Бөріқұлақов хабарлама жасады.

Аудан әкімі бөлім басшысына жыл соңына дейін кәсіпкерлік субъектілердің тіркелімін жоспарланған межеге жеткізу керектігін айтып, ауыл әкімдерімен бірлесіп, жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру қажеттігін ескертті.

Сонымен қатар мәжілісте қала, кент және ауыл әкімдері мен кәсіпкерлік бөлімінің басшысына ауданда шағын өндіріс орындарын көптеп ашу, кәсіп ашамын деген жандарға жан-жақты қолдау көрсету жөнінде тапсырмалар берілді.

Айта кетейік, мәжілісте мұнан бөлек бау-бақша егу жұмыстары, көлдер мен жайылымдық жерлерді суландыру, мал басының есебін нақтылау жайлы мәселелер айтылып, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

АУДАН БАСШЫСЫ БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ



Былтыр жеке кәсіпкер Нұртай Аманов аудан орталығында 200 орындық жеке спорт кешенінің құрылысын салуды бастаған болатын. Бүгінгі таңда кешеннің құрылыс жұмыстары толықтай аяқталып, пайдалануға

берілмек. Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет жеке кәсіпкердің спорт кешеніне арнайы барып, құрылыс жұмыстарымен танысты.

Спорт кешенінде түрлі спорттық жарыстарды өткізуге

қолайлы жағдай жасалған. Екі қабатты ғимаратта спорттың футбол, волейбол, баскетбол, гандбол және күрес түрлерімен айналысуға болады. Спорт кешені жаттығу залымен қамтылған.

Аудан басшысы мұнан соң Қазалы қаласындағы экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында сексеуіл өсімдігін егетін тұрақты тұқым бағы бөлімшесінің құрылыс жұмыстарын көрді.

Алдағы уақытта тұқым бағы бүкіләлемдік банктің қолдауымен Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы құм, тұз көшкінін тоқтату мақсатында аумағы 33,5 гектар жерге сексеуіл көшеттерін егумен айналысатын болады. Онда сексеуіл өсімдігінен бөлек жеміс ағаштарында өсіру қолға алынбақ.

ЖАЗУШЫНЫҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ

Қасиетті Қазалы жері өнердің өрен жүйріктерімен тұма таланттардың рухани құт мекені. «Аранды» ауылдық округінде осындай ғажайып өлкенің перзенті, КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Әлмәмбет Әлішевтің 85 жылдығына арналған "Батыр болып тұмайды" атты аудандық жазба ақындар мүшәйрасы ұйымдастырылды. Байқауға 10 талапкер қатысып, бақ сынасты.

Қожабақы аулында өткен мүшәйраға ақындар Бекжанов Әмірхан Қанайұлы, Нұрболат Төлеш; №25 мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Әбдірова Фариза Избасарқызы, ауылдықардагерлер кеңесінің төрағасы, Қазалы ауданының құрметті азаматы Тілек Махамашұлы қазылық етті.

Мүшәйра қортындысында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге сыйлықтар тапсырылды.

АУДАН ӘКІМІ "АМАНАТ" ПАРТИЯСЫНЫҢ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНДА ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет «АМАНАТ» партиясының Қазалы аудандық филиалында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Тұрғындар аудан әкіміне өтініш-тілектерін жеке-жеке жеткізіп, мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал жасауды сұрады.

Қабылдауға келушілер тұрақты жұмысқа орналасу мәселесін қозғады. Мұнан бөлек ауданда ұлттық спортты дамытуға қолдау көрсету, бақшалық жерге су жеткізу және әлеуметтік көмек сұрағандарда болды.

Аудан басшысы жұмыссыздық мәселесі бойынша мамандықтарға сәйкес сұраныс болған жағдайда бос жұмыс орындарына кезектілікпен жіберілетіндігін түсіндірді. Сондай-ақ, кейбір азаматтарға қоғамдық жұмыс арқылы жұмыс істеуге мүмкіндік барын жеткізді. Басқа мәселелер бойынша да тиісті заңдылықтарға сәйкес жұмыстар атқарылатынын айтып, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ӨЗІ ДЕ СҰЛУ, ЖАНЫ ДА СҰЛУ ҚАЙРАТКЕР - ЖАЗУШЫ

Адам өмірді аңсаумен, өмірге ынтықтығымен ғұмыр сүреді. Қуатты, қажыр-қайратты туған елден, туған жерден алады. Өйткені адам өзі туған топыраққа өгей болмайды. Ол өзінен шыққан, өзінен жаратылған өзегі, өзі, оның анық иесі.

Адамның бақыты мен еркіндігі де елінде. Кісілігің мен сөзің де, әнің де, жырың да туған ел арқылы ғұмырлы болмақ.

Дүние асқан шеберлікпен жаралған. Ол – адам баласы өссін, өнсін, жапырақ жайсын, тамыр жіберсін, бір-бірімен аралассын, бір-бірінен өнегетәрбие алсын деп тілеп тұрады екен. Оның бүкіл бақыты туған ортасымен мәнді де, мағыналы өрбіді. Кез келгеннің сыбағасына бұйыра бермейтін осы бақытты ол көріп кетті. Жөргекті жұрттан жырақ кетпей, туған елдің түтінін түтетті.

Ақын Франческо Петрарко: «Дәл осы кезеңде өмірге келгенім үшін мен өзімді шын жүректен құттықтаймын!» - депті. Әлмәмбет Әлішұлы да ұлт дүниетанымын жамбасына басып, иесін іздеп, сырын бүгін жатқан Сыр өңірінде дәл уақытында дүниеге келгеніне риза болар деп ойлаймын.

Ол ұзақты күрес жолдарынан және оның отты жолдарынан өтті. Бірақ адамгершілік мұраттарынан айнымады. Фальшті ұнатпайтын, жалған сөйлегенді жақтырмайтын. Кең, байсалды, қолы ашық, ақеділ ағамыз мақтаншақтарды суқаны сүймейтін. Жақсы қасиеттері ұрпағына жұққан, бәрі тегіс кішіпейіл, елгезек, қарапайым жандар.

Адамның ең басты байлығы оның адамгершілігі, ар-намысы. Мемлекет күші мен тірегі де сонда. Егер ол болмаса мықты мемлекеттер де күйрейді.

Францияның саяси қайраткері Монтескьенің «Римнің құлауы» деген еңбегінде: «Рим – керемет империя болған. Ол тек байлықты, адамгершілік, ар-ожданнан айрылып қалғандығынан құлады» - деген еді. Біздің аға буынның ар-намысты тапталпауынан біз ұлы мемлекетке айналдық.

Адамның жасы жылдармен өлшенбейді, оның қан тамырлары мен сүйектеріне байланысты деседі. Адам 50 жасында 70 жастағыдай көрінуі мүмкін. Жақсы жаттыққан тән көп уақытқа дейін икемділігін сақтайды, сонда қуртаю да аз қимылдаудан туындайтын кеселдер себебінен болмайды екен. Адамдар өмір сүруі үшін негізгі себептері болса, баяуырақ қартаяды. Көрілік келгенде белсенді адам өзін-өзі «мүжіп» бітеді деген сөз бекер.

Қартаю оған еріп жүруге уақыты жоқ адамның жаман әдеті ғана екен. Оған мысалды көптеп келтіруге де болар еді. Біз Әлмәмбет ағамыздың бойынан қартаюдың әдемі моделін көрдік. Оны өзгелер де мойындайды. Біз жастар ағамызға жиі баратынбыз. Бірде ақыл, бірде бір ісімізге көмек сұраймыз ғой. Ол қолдан келетін көмегінен бас тартпайтын.

Бір сәлем беріп барғанымда: - Аға! Уайымдамаңыз, Сіз, ел үшін отқа түскен дарасы да болдыңыз, бір қауым елге басу айтар данасы да болдыңыз. Ата-баба тарихын мүлтіксіз жеткізетін абызы да болдыңыз, елді ұйыстырар аңызы да болдыңыз, - дегенімде ағам қатты риза болып, көзіне жас алып, риза болған еді.

Әлмәмбет Әлішев пассионарлы, білікті әрі патриот тұлға ретінде сау ақыл, сыншыл көзқарасынан айныған емес. Біз жастар жағы ағамыздың дресс-коды, яғни киім кию ережесіне ерекше назар аударатын едік. Сөйлеу мәнерінің өзі тап-таза болатын. Бойшаң, тарамыз денелі, ақ сары өңді, сұйық шашты, кең маңдайы өзіне жарасып тұратын. Үстіне киген Еуропалық костюм айрықша жарасымды болатын. Шалбарының балағы тік тұрғанда бір-ақ қыртыс болып білінер-білінбес бүгілетін. Кастюмінің жеңі білезікке жетпей тоқтайтын, астынан жарты елі аппақ жейдесінің жеңі сығалап тұратын. Құдды бұрынғының мырзасы дерсің! Ағамыз еркін ойлы интеллигент, энциклопедиялық білім мен эпикалық жад иесі болатын. Әдетте бір қараған адамға сұсты, қатал болып көрінері анық. Ал қызмет барысында талапшыл да тік мінезді редактор, батыл басшы ретінде орнығып қалған бейнесінің жүзіндегі таза профильді көріп, еркін әңгімеде баяғы қаталдықтың жұрнағы да қалмайтын. Мұндайда қобалжып барған қорқынышымызды, ақылгөй ағамыздың дарқан көңілі, дария ақылы бір-ақ сәтте серпіп, сөйлеп бергенде ұйып тыңдауға мәжбүр ететін.

– Заман бұзылып тұр. Еркіндік көп нәрсені бұзды. Демократия қаншалықты жақсы дегенмен, қазір адамдардың көбісінде өз басының қамын ойлау көбейіп кетті. Бірақ келешектен үмітті үзбеу керек, болашақта барлығы оңалар деймін. Заман осылай тұра бермес, ол да түзелер. Қазаққа жалғыз-ақ дүние – қазақтың кең жазиралы кең пейілі жетсе болғаны, деп ағамыз бір ренішін білдірген-ді.

Ағамыздан үйренгеніміз көп. Тосыннан үйге бара қалсақ, дастарханнан дәм татқызбай жібермейтін. Келген жанға дәмді ас үйге емес, арнайы үлкен залға жайдыратын. Соңғы кездесуімізде ұзақ диалогтық, әлі де бөгеле тұрғанымыз қалады. Сонда: «Жақсы журналиске ең алдымен талант керек. Терең ойланып және сол ойын халыққа ұнайтындай етіп жаза, айта білуге тиіс. Журналистің басты қағидасы шындық екенін ешқашан естен шығармағаны абзал. Ұлттық мәселеге келгенде жалтақ емес, батыл болыңдар! Шындық – журналистің анасы. Осыны естен шығармаңдар. Сенде мен сияқты қызметінді комсомолдан бастап, облыстық партия комитетінде, облыстық әкімшіліктің ұйымдастыру бөлімінде бастадың. Үлкен тәжірибе жинақтадың. Ағаңа көрсеткен қызметіңе ризамын,

деген еді.

Өзіне сенімді адам ғана ертеңіне үмітпен қарайды. Бұл заңдылық. «Алдыңа түн емес, күн салып жүр» деген халық даналығының сыры да осында болса керек. Мұнда алды-артыңа қара аспанды төндірмей, әрбір қадамың мен ісіңнен жақсылық күтуді, келешекке қарай сеніммен адымдауды, қазіргі тілмен айтқанда, позитив пен оптоимизмді меңзеу жатыр. Жаратылыстың оң-солын, ыстық-суығын, ащы-тұщысын бағамдау бар. Әлмәмбет Әлішев 1966 жылы Қазақ Ұлттық Университетін бітіріп, комсомол, партия қызметінде жауапты қызмет атқарды. Кейінгі өмірінің ширек ғасырдан астам уақытын тәуелсіз Қазақстанның баспасөзін нығайтуға арнады.

Елімізде шығатын ақпарат құралдары арасында тәжірибесінің кемелдігі жағынан да, жасының үлкендігімен де онымен қатар тұратын редактор болған жоқ. Жасы 80-ге келсе де, бір күн қызметтен қалмаған жазушы-журналист қаламының сиясын сарқып қалған емес. Әр қаламгердің өмірде өз «терезесі» болады. Ол сол өзінің терезесімен ғана өмір, қоғам туралы толғанды, дүниеге зер салды, өткеннен өнеге алды, ойдан түйін түйді. Әдебиеттің өзелгі мұраты мен бүгінгі мұраты – бір, ол мәңгілік мұрат. Ол бір ғана жазарманның емес, мыңдаған оқырманның мұраты. Әлмәмбет Әлішев – қазақ әдебиеті тарихына XX ғасырдың 60-шы жылдары өзінің оқырмандар ыстық ықыласпен қабылдаған көркем шығармаларымен қосылған танымал жазушы. Талантты жазушы XX ғасырдың 70-90 жылдары және қазіргі XXI ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті дамуының шығармашылық кезеңдерінде әңгімелерімен, повестерімен, романдарымен сөз өнерінің эстетикалық тағылымын оқырмандарына таныта білді. Жазушының «Үрмәш Түктібаев», «Батыр болып тұмайды», «Ат тұяғын тай басар» повестері мен «Бәйтеректің бұтағы», «Иірім» романдары және «Арал тағдыры», «Ой орамдары» әдеби-философиялық толғаулары, эсселері қазіргі қазақ әдебиеті дамуындағы елеулі туындылардың бірі. Қаламгердің шығармаларында ел, діл, тіл, патриотизм, күрделі психологиялық ойлар атойлап тұрады.

Жазушы шығармасының негізгі қозғаушы күші оның жаратылыс болмысына тән шабытты ойы, жаңалыққа құштарлығы, тіршілікті жақсылыққа толтыру жолындағы күрескерлік дүниетаным ұстанымы. Бұл жолда ол үлкен саясаткер болды.

Ұлы жаратушы сыйлаған көркемсөздің құдіреті шексіз. Неміс классигі Лион Фейхтвангердің сөзімен айтсақ: «Көркем әдебиет жас баланы саяси қайраткерлікке дейін тәрбиелейді». Ал Лев Гумилов одан да асып түсіп: «Сөз қалаларды да қиратады, сөз күнді де тоқтатады» дейді. Рас, қаламсыз ғалам да жоқ. Сөз



жоғалса-әлем де жоғалады.

Кезінде Францияның жасанды өркениетінің масқарасын шығарған ақыл-ой таразысы Жан Жак Руссо мен өркениет ойшылы Джон Локк, белгілі әлемтанушы Карл Раймунд Поппер, сондай-ақ ағартушы, жазушы Шарль Луи Монтескье мен американың атақты публицист жазушысы Бенжамин Франклиндер өз ұлтының мәдениеті мен дүниетанымын зерделей отырып, басқа елдермен терезесі тең боларлық рухани қор жинау жолында аласұрды. Жазушы Әлмәмбет Әлішев те тәуелсіздігіміздің елең-алаңында қоғамдық қызметі арқылы саясатқа шақыру алды.

Көркем әдебиет қашан да жазушыны саяси қайраткер дәрежесіне дейін тәрбиелеген. Ол жолдан дұрыс дәріс алған жазушы «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп еркін ойлы іс-әрекетімен деспотизмге жаны қарсы бола отырып, елінің ой-арманын бір сәтке де есінен шығармай, үнемі болашақ мұрат үшін күресе біледі. Жазушы Әлмәмбет Әлішевтің шығармалар жинағындағы өнер өрісі мен ой-толғаныстарын оқи отырып, оның өз ұлтының жапа шегіп жүргенін көзімен көріп, жүрген ортасында ол туралы ашық айтып, қандастарының өз бет-бітімін, болмысын сақтап қалуын, өзін-өзі билеп, ел болып қалыптасуын қалағанын байқайсың. Бұл орайда ол өз ойын ашық айта да білген, баспа жүзінде жаза да білген ұлт қайраткері. Жазушы өз туындыларында қоғамдық сананы жалған деректен тазалауға ден қояды. Қалам қайраткерінің Кеңес Одағының Батыры Үрмәш Түктібаевтың даңқын шығарып, оның адал атын дәлелдеу жолында сан мәрте сонау Балтық елдеріне сапар шегуі азапты жылдардың жемісі еді. Бұл туралы кезінде Латвия Компартиясының бірінші хатшысы А.Э. Восстың өзі де айтқан болатын. Батыр ерлігін дәріптеген «Үрмәш Түктібаев» кітабының сол тұста 12 мың тиражбен шығып, бүкіл Республика көлемінде таратылуы патриотизм тақырыбының бастауы болды.



ӨЗІ ДЕ СҰЛУ, ЖАНЫ ДА СҰЛУ ҚАЙРАТКЕР - ЖАЗУШЫ

«...Жазушы ештеңені ойдан шығармайды. Бәрібір басынан кешіргенін жазады. Тіпті атам заманғы Мысыр перғауынын сөз еткен күнде де, кейіпкерінің басында болып жатқандар суреткердің өз басынан өткендерді еске салып отырады. Сондықтан кез келген көркем шығарма – бет алды қиял қаңғырысы емес, адам жаны деп аталатын аран үңгірді қазымырлана індеткен археологиялық зерттеу», - депті Әбіш Кекілбайұлы ағамыз. Қалай айтқан! Атақты жазушы айтпақшы, Әлмәмбет ағамыз өз тақырыбын зерттеп, зерделеп содан кейін қолына қалам алады. Олай болмаған күнде өзі зерттеп жазбақшы болған шығармасының құрғақ, сенімсіз боларына сенеді. Осыны ойлаған жазушы әлемнің, төрткүл дүниенің қасіретін өз көзімен көру үшін азапты жолдан өтеді. Шығармасында қоғам, алуан түрлі тағдырлар мен ақ пен қараның шарпысын өз басынан өткереді.

Шын суреткер – заманының мәселелерді өзгеріссіз жеткізеді. Адал еңбекпен келген бедел де, дәулет те бір Алланың берген несібесі. «Ел мықты болса – ел ағасынан, үй мықты болса бел ағашынан» деген. Әлекең ел сыналар кезде де халық арасынан табылып, билікке беделді сөзін жеткізген, халықтың қабырғалы сөзін айта алды. Тоталитарлық жүйенің кезінде жауапты қызметтің бел ортасында жүріп, ұлтымыздың ұлттық мәдениет, әдебиет, ұлттық мұра, салт-дәстүрлерінің сақталуына сақшы болды.

Уақыт кері жылжымайды, небір қиыншылықтарға қарамастан, өмір өз ағысынан жаңылмайды. Ертең – ертеңгі күнімен тұмақ. Тән әлемі тәнімізге азық береді. Оның уақыты 50 жыл ма, 70 жыл ма, адамзат тарихының әйтеуір, бір қас-қағым сәтімен шектеледі. Ал, жан әлемі – мәңгілік, адамзат бар жерде, яғни біз өзімізді адам ретінде сезініп жүрген шағымызда, ол бізбен бірге өмір сүре береді. Ол өмір сүру – формуласы.

Қай заманда да нағыз суреткер өз заманының азаматы болған, халқының сезімімен, өмірімен біте қайнасып, оның қайғысын да, қуанышын да бірге бөліскен. Бұл – үйлесімділік, гармония теориясы. Өмірге келген әр адамның репликациясының сезгіштік, гомологиялық құрылымы адамның оянуының нәтижесі болып табылады. Демек, ол – адам ақылының оянуының голографиялық элементі. Олар әдетте үйлесімді және әртүрлі болып табылады. Мұндағы ең маңыздысы, гармония – бұл ғаламның үздіксіз өркендеуінің негізгі кепілі. Ол моральдық қағида, әсіресе, қарама-қайшылықтың екі басының үйлесімді бірлігі.

Тарихтың түбегейлі өзгеру кезеңінде, яғни халық тағдыры шешіліп жатқан шақтарда жазушылар мен алдыңғы қатарлы интеллигенция халықты құтқару жолында басын бәйгеге тіккен.

Жазушы ұзақ уақытын комсомол, партия жұмысына арнап нағыз шығармашылыққа ден қоятын кезде, көп уақытын өткізіп

алды. Бірақ қалам күдіретіне адал жазушы бұл жолда да өзінің кәсіби біліміне ұлылықпен қарағанын байқаймыз. Оны Ғабит Мүсіреповтың: «Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде – ұлт та ұлы бола алмайды» деген сөзінен-ақ аңғаруға болады. Мұнда Ғабен ұлттың ұлы болуының өзі әдебиет пен өнерге байланысты деп тұрған жоқ па?! Бұдан шығатын қортынды да біреу. Кім оқырманды бұрын түсінсе, әдебиет соның жолын ашады. Бұл бағытта оның жолы болды. Ал қайраткерлік портреті ел есінде қалды.

Жазушы іргелі басқосуларда ұлт мүддесін қорғап, халықаралық қауымдастықтың назарын Қазақ еліне аударуға қызмет етті. Бүгінгі жаңа ұрпақ «Біз Қазақстандықпыз!» деген сөзді ұлттық ар-ұждан сезімі іспетті айтудан арланбауы тиіс. Еркін де өнегелі әңгімелеу өнері кейбіреуге басқа барлық жеті өнерге қарағанда көбірек пайда-сын тигізеді. Бүгінде жазушылық істе публицистика алдыңғы қатардағы жауынгер жанрға айналған. Онсыз қоғам көшін ілгері апару мүмкін емес. Кісі бойынан осы екі қасиет табылған кезде ол кемелдікке кенеледі. Ынтасыз дарындылыққа қарағанда, ыждағатты орташылдық көп нәрсеге қол жеткізеді. Даңқ құны еңбектің бағасымен өтеледі. Енжарлық пен селкостық елде әлі де басым. Тіл мәселесі әсіресе, атқарушы билік пен бұқараның арасында әлі де қайшылықтар туырып отыр. Оған қарап отыруға бола ма? Идеология – тіл. Идеология майданында кадр ұлтына қарап емес, іскерлік қабілетіне қарай таңдалуы керек. Тіл білмей тұрып, баға беріп, іс білмей тұрып өнер басқаруда мәдениеттің көсегесін қалай көгертеміз? Осы тұрғыда жазушы алмастай тіліп түседі, одан құтылудың жолын көрсетеді.

Бүгінде публицистика жанры қоғамды сауықтыруға отты рух беріп отыр. Сол отты рухты сөндіріп алмауымыз керек. Қазақтың рухы тірі болса, қазақ та тірі. Егер рухымызды жоғалтсақ, қазақ та жоғалады. Тәні бар, рухы жоқ қазақтан сақтасын. Егер мұндай жан, қолында күдіреті бар, баспа, идеология саласында болса, сорлағанымыз дей бер! Отаны үшін ұйқысы бұзылатын арамьзда редакторлар барлығына қуанамыз. Әлмәмбет ағамыз сондай редакторлардың бірегейі еді. Жасы 80-ге келсе де, поэтикалық нотасы жоғары отты публицистиканың мағары алдар беруі де сондықтан болатын.

Тіл, мәдениет, дін мәселесі қазақ үшін қазір де өте күрделі болып тұр. Алайда мемлекет құрушы ұлт мемлекеттегі басқа ұлттардың тілімізге қарай бейімделетініне сенімді. Ал мемлекеттік тілді меңгеру – қазақтарды айтпағанда, барлық диаспоралар мен этностық топтар өкілдерінің де парызы. Бұл әлемдік тәжірибе. 1985 жылғы 25 маусымда Алматыда, Қазақстан Жазушылар Одағының қазақ әдебиетінің тілі жөнінде өткен келелі жиында Социалистік Еңбек Ері, сөз өнерінің қас шебері, академик-жазушы Ғабит Мүсірепов

қазақ әдебиетінің көрнекті жазушыларымен бірге тілге жауапкершілікпен қарайтын шебер қаламгерлер қатарында жазушы Әлмәмбет Әлішевтің де есімін ерекше атап өтуі бекерден-бекер болмаса керек.

Ұлттың бойына Отансүйгіштік қасиетті сіңдіруді жазушының тілден бастағаны оның мемлекетшілдігін көрсетеді. Дәл бүгін бізге Отан үшін жанпидә әрекетіне баруды батыл насихаттай беру керек. «Бұл қазақ мемлекеті» деп ашық жазатын кез келді. Бүгінгі ұрпаққа Отан өзі, өзі Отан екенін сіңіре бергенде ғана ұтарымыз хақ. Оларды киелі ойларға табындыру керек. Өз халқын сүюден патриотизм туындайды.

Жалпы, жазушының бүкіл шығармасы «Қазақ халқы бай-қуатты, ұлтшыл болуы үшін не істеуі керек?» деген сұраққа жауап береді. Бүгінде ауданда қолына қалам ұстаған журналистердің бәрі Әлекеңнің шәкірттері. Олай болса, Әлекеңді бүгінгі «редакторлардың – редакторы» десе де болады.

Әлмәмбет ағамыздың бір қасиеті – жұмысқа өте ұқыпты болуы. Жұмысқа өте берілген ұқыпты, жолдастарына адал еді. Сондықтан да қандай қызметте болсын, аппараттағы істеген жігіттердің арасында болсын, аудан, облыс басшыларымен тіл табысып, жақсы істердің басында болды.

Адамдарда, әсіресе, елге сөзі өтімді, танымал қалам қайраткерлерінің бойында болатын фазиз іс пен сөздің ажырамауы оның адамгершілікті жан екенін айқындайды. Әлекең қалай жазды, солай өмір сүрді. Ол өзгелер сияқты баяшат өмір кешкен жоқ. Күлкісін жан қайғысына алмастырып, қасіретін қуанышынан биік қойды. Оны біз өз көзімізбен көрдік. Жамбасын күлге орап, мазалы өмір сүруге оның барлық мүмкіндігі де болды. Мүмкін өмірдің мәні бақытта емес, нені бақыт санауында болған шығар? Қайғы - қасіретте әдеп барын, бекзадалық барын ол жақсы білді. Нағыз шығармашылық адамның саф таза болмысы осындай болуы керектігін ол көрсетіп кетті. Кейбір тоғышар жандар оны түсіне алмады. Неоконфуцийлік моралист Чжан Цзай: «Біреу бір нәрсе жасаған кезде, оның қарсыластары болады. Жеккөрушілікті тек гармонияның көмегімен ғана жоюға болады» дейді. Демек, гармония – қоғам мен ғаламның қалыпты қатынасы.

Адам дамуының мақсаты не? Жол бойымен жүргендердің бәрі аспан астында өмір сүретін адамдардың игілігі үшін жұмыс істеуі керек, мінсіз әлем дегеніміз – әркімнің аспан астындағы адамдардың қоғамдық игілігіне жұмыс істеуін білдіреді». (Конфуций). Ұлы данышпан айтқандай, Әлекең сол игі қоғам үшін жүрегінің майын шам қылып жағып, қоғамға жұмыс істеді. Біз құрметтесек, соған құрмет көрсетуіміз керек. Бұл – ұрпақ үлгі ететін ұлы мұрат!

Әлекеңнің ағаға деген ілтипаты, ініге деген кішіпейілдік қамқорлығы өзгеше болатұғын.

Сондықтан да біз ағамызды қатты сыйлап өттік, ұрпағымен жарасымды сыйластығымызды жалғастырып келеміз.

75 жылдығын, 80 жылдығын да атап өттік. Ағамыз алғысын білдіріп, батасын берді. Бұл ағамызды соңғы көруіміз болды. Оның сол күндердегі ақжүзінің профилі сүйектен ойғандай сұлу көрініп еді.

Адамға шаршаған сәтінде қолтығынан демеу, сүйеу болу, жүрегінде сәулелі болашақтың отын жағу ол да бір ғанибет. Адам адамша өмір сүруі керек. Ол үшін адамның барлық шұғыласы біртұтас болуы шарт. Мұндай біртұтастық – әр адамның жүрегінде Алла болуы керек деген сөз. Бұл ой-сананың тазалығы, айналасындағыларға адалдық, жақын-жуығына қамқорлық, жұртқа деген сыйластық, адамгершілік сезімінің әулиелігі деген сөз.

Иә, өлмейтін адам жоқ. «Тірі өледі, жер қойнауы жатағы, жақсы болса артында қалған атағы» деген бар ғой. Соңында атақ-абыройын шығарып отырған ұрпағы бар. Солар аман болсын деп тілейміз.

Соңында салауатты ордасы, саликалы ұрпағы бар адамды өлді деуге бола ма? Ол – өлген жоқ, рухы арамызда жүр. Өйткені, соңында мәңгілік өлмейтіндей шығармасы қалды, ұрпақ ұмытпас істері қалды. Соңында қалған ұрпақтары оның есімін ұрпағына мың-сан қайталатып отыр.

Өмірін жарқын да күнәсіз өткізген жан ешқашан да өлмейді. Олардың өшпес өнегесі адамдардың жүрегінде нық орын алған.

Әлмәмбет Әлішев – 1974 жылдан КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. Сыр өңірінде одан еңбек өтілі үлкен қаламгер жоқ. Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазалы ауданының құрметті азаматы атақтарының иегері. Ұзақ жылғы еңбектің өтеуі ретінде өңірінде «Құрмет белгісі» ордені мен онға жуық мерекелік медальдар жарқырайды. Соның арасында Лев Толстой медалінің орны ерекше.

Қазақта: «Тірілер – өлген адамның көзін жабады, өлілер – тірі адамның көзін ашады» - деген ғибратты сөз бар. Тал бесік пен жер бесіктің арасындағы жалған өмірге көз жүгіртіп қойсақ деймін. Адамның биологиялық жасы аяқталғанымен, рухани өмірі мәңгілік.

XX ғасырдың адасқан ойдың алыбы Шкловский: «Молада өлгендер ғана жатады. Молада өмір мен тағдыр жатыр емес пе? Мола – өмірдің ұясы, адамның жер бетіндегі әрекетіне қойылған соңғы нүкте» - депті.

Туырлықтың тұмары, тұлғалы ұлттың құнары болған асыл аға, жатқан жеріңіз жәйлі, топырағыңыз торқа болсын!

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
Одағы сыйлығының
лауреаты, Халықаралық
Ақпараттар Академиясының
академигі, Қазалы ауданының
құрметті азаматы

ҚОС ҒАСЫРДЫҢ КУӘГЕРІ



Бұрын үлкен қариялардан «сүйегі асыл адам» деген теңеу сөзді жиі естуші едік. Әйтеке би кентінде тұратын ғасыр жасаған кейуана Сағынбай София Құрымбайқызымен жүздескенде осындай ой келді.

«Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» демекші, София әже өңін бермеген. Сонау жылдардағы ашаршылық пен қуғын-сүргін, одан кейін соғыс кезіндегі қиыншылықтарды бастан кешірген әулет Анасының жүріс-тұрысы ширақ, сөзге шешен, ойын іркілмей ашық айтады. Құсырыла түскен иығында ғасыр салмағының ізі жатқандай. Ғасыр тарихының көзі тірі шежіресі өткеннен сыр шертеді.

Әкесі Құрымбай ерте-ректе «Көне Мұратбайда» сиыр бағып, анасы Айшым сауыншы әрі өгіз арбамен үкіметке сүт өткізуші болған. Қаршадайынан тірлікке араласқан Софияны ата-анасы оқуға да жібермеген. Әкесі соғысқа кеткенде кәмелет жасына толмаған қыз бала колхоздың қарбалас жұмысында жүрген анасына қолғабыс етеді.

Кейін бойжетіп, Мұратбай аулының тұрғыны Сағынбай Ерғазымен отау құрған. Отағасы ұзақ жылдар бақташы, София колхоздың сүт фермасында сауыншы болып еңбек етеді.

Ол кезеңде де жайлы тұрмыс болмады, өмір жолдарында кездескен қиындықтарды бірге еңсерді. Оның үстіне ерлі-зайыптылар көпке дейін бала сүйе ал-

майды. Жаратқаннан сұрай жүріп ақыры 1958 жылы тұңғыштары дүниеге келді. «Құдайдың жеткергені» деп есімін Жеткерген қояды.

Одан соң бірінен соң бірі ұл-қыздары Жалғас, Қырғызбай, Ж а р ы л қ а с ы н , Жәмила өмірге келді. Сөйтіп жүргенде 1968 жылы жолдасы дүниеден қайтты. Жетілмеген жас балдарды 40 жылға жуық сауыншылықта жүріп жеткізді, оқытты, өз алдына отау қылды. Бүгінде ұрпақтарынан 16 немере, 15 шөбере, 5 шөпшек сүйген қарт ана өткеніне шүкіршілік етеді.

«Қазіргідей тоқшылық, молшылық заман қайда? Ішерге ас, киерге киім тапшы болды. Бірде аш, бірде тоқ, әйтеуір еңбектен қол үзген жоқпыз. Құдай өзі қарасады екен, қарағым. Жылап жүріп, балаларымды жетілдірдім. Шүкір, зейнетін көріп, ұрпағымның ортасында отырмын. Алла абырой беріп, ел іргесі аман болсын, еліміз бақуатты болсын», – деген София әженің батасы ерекше болды.

«Әулетіміздің қариясы болып отырған анамыздан әрқашан үлгі аламыз. Пайым-парасаты мол, көпті көрген ардақты жанды мақтан тұтамыз. Дауыс көтеріп сөйлемейді, ешкімге ұрыспайды, барлығын ақылмен айтады», – дейді қызы Жәмила Ерғазықызы.

Жақсылық пен жамандықты, бейнет пен зейнетті, қиындық пен қуанышты қатар көрген кейуанаға қарап, қарттықтың ешқашан жаспен өлшенбейтініне, көңілдің қартаймайтынына көзіміз жетті.

Айналасына шуағын түсіріп, шұғыласын шашып отырған София әжемізге біз де мықты денсаулық, ұрпақтарының қызығын көре беруді тіледік.

Жанар ҚАЙНАЗАРОВА,
Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің әдіскері

Туберкулез - ежелгі жұқпалы аурулардың бірі. Роберт Кох 1882 жылы туберкулез қоздырғышын ашты және бұл жұқпалы ауру екенін дәлелдеді. XX ғасырға дейін туберкулез іс жүзінде емделмейтін болған. Туберкулез әлемдегі ең көп таралған инфекциялардың бірі. Микроскоп астындағы туберкулез микробы қатты ұлғайған кезде кішкентай таяқша тәріздес болып көрінеді, сондықтан туберкулез таяқшасы деп аталды.

Туберкулез бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының, сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзалардың да зақымдануы. Алайда өкпе туберкулезі жиі кездеседі. Жұқтырудың негізгі көзі - туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам.

Туберкулез қалайша тарайды?

Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жөтелгенде, түшкіргенде немесе қақырғанда өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын шығарады. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшерін демалуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы, микобактериялар тозаңданған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жөтелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микобактерияларды бөледі, олар еденге, заттарға шаңмен бірге тұнады және көптеген жылдар бойы өміршең болып қалуы мүмкін.

Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер. Ауру жануардың сүті, немесе еті

ТУБЕРКУЛЕЗ

адам үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін.

Науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды.

Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, онда ол айналасындағыларға қауіпсіз. Өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды. Туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады. Алайда, барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

Туберкулез микобактериялары адам ағзасына түскен кезде ауру жұқтырылады, бірақ туберкулез ауруының дамуы әржағдайда болмайды. Өкпе туберкулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитеті нашар жас балалар, жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар

1. Т о л ы қ қ а н д ы тамақтанудың болмауы.
2. Туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті).
3. Маскүнемдік.
4. Темекі шегу.
5. Нашакорлық.
6. Ілеспе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары).

Туберкулез белгілері?

1. Ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел.
2. Шаршау және әлсіздік.
3. Дене салмағының төмендеуі.
4. Температураның ұзақ көтерілуі.
5. Түнде тершеңдік.
6. Кеуде қуысындағы ауырсыну.
7. Қан түкіру.

Туберкулезді қалай анықтауға болады?

1. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.
2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография)

өкпенің зақымданғанын көрсетеді.

3. Қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.

Туберкулездің алдын алу шаралары

1. Салауатты өмір салты.
2. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақытылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

3. Жыл мезгіліне қарамастан, таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.

4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары — сүртінуге, құю, душ.

5. Жөтел этикетін сақтау.

6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмір сулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмірсулар - қант, нан, картоп, жармада. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен көкөністер мен жемістерде болады.

7. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау.

8. Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.

Г.ЖҰБАНДЫҚОВА,
Қазалы ауданының санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.